23610763794

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 12 ақпан № 4360-25-00-2/3287 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.А.Садуақасова,
сот отырысының хатшысы А.К.Сералиевтің қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша қағаз форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қармақшы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Building Corporations» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айып өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Б.Жұмабай
прокурор Л.Сырбайқызы

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 29 қазанында №65 «Қармақшы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі және «Building Corporations» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен «Қармақшы ауданының өрт сөндіру депосы ғимаратына ағымдағы жөндеу» жұмысына мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде келісім шарт жасалған.

Келісім шартта жұмыстарды аяқтау мерзімі 2 ай деп көрсетілген.

Яғни келісім шарт қазынашылыққа тіркелген күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде.

Алайда «Building Corporations» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жоғарыда аталған жұмыстары бүгінгі күнге дейін басталмаған.

Жауапкермен шарттың талаптары бұзылуына орай оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айып өндіруді сұрап сотқа жүгінген.

Сотта талап қоюшы өкілі, жауапкермен шарт бұзылғанын, талапты қолдап оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер тарапы сотқа қатыспады және дәлелдеме ұсынбады.

Іске қатысушы прокурор талап қоюшының талап қоюын қанағаттандыруды туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (әрі қарай - Заңның) 8-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК-нің) 272-бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 273-бабына сәйкес заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 277-бабының 1-тармағына сәйкес егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай, талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда көзделген 30 (отыз) күндік мерзім ішінде сотқа жүгінген.

2025 жылғы 30 қазанында тараптардың арасындағы мемлекеттік сатып алу туралы шарты, уақытылы орындалмауына байланысты, талап қоюшымен шарт бір жақты бұзылатын туралы жауапкерге хабарлама жіберілген.

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова К. А., 18.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 19.03.2026, судья Елшібеков Б. Е., 26.03.2026

4360-25-3-1/3421

Жіберілген хабарламамен жауапкер мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы 2025 жылдың 30 қазанында электрондық келісім шарты мемлекеттік сатып алу веб порталы бір жақты бұзылғанын көрсеткен.

Қазіргі таңда шарт біржақты бұзылған.

АПК-нің 65-бабының 3-бөлігіне сәйкес істің заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуға тиіс мән-жайларының ешқандай басқа дәлелдемелермен расталуы мүмкін емес.

Сондықтан жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

№2талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес тұрақсыздық айыппұл-міндеттеме орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған, ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.3-тармағы шеңберінде қызмет көрсету мерзімінен кешіктірген әр күн үшін 0,1% мөлшерінде, яғни бүгінгі күнге 557 186 теңге айыппұл сомасы өндірілетіндігі көзделген.

Осы негізде талаптың бұл бөлігі қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 109-бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына талаптың қанағаттандырылған бөлігінде мемлекеттік баж шығындары өндіріліп алынуға тиіс.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қармақшы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің жауапкер «Building Corporations» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Building Corporations» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкерден мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкерден мемлекет пайдасына 557 186 (бес жүз елу жеті мың бір жүз сексен алты) теңге тұрақсыздық айып және 16716 (он алты мың жеті жүз он алты) теңге мемлекеттік баж салығы мемлекет пайдасына өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова К. А., 18.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 19.03.2026, судья Елшібеков Б. Е., 26.03.2026
4360-25-3-1/3421

ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья К.А.Садуақасова

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова К. А., 18.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 19.03.2026, судья Елшібеков Б. Е., 26.03.2026

4360-25-3-1/3421